

«Астана медицина университеті» КеАҚ

« Клиникаға кіріспе »

Дәрілік заттарды көк тамырға тамшылатып енгізу ерекшеліктері

Дайындаған:
Тексерген:

Нұр-сұлтан 2020 ж

Көк тамырлық инъекциялар:

- Венепункция (инені көк тамырға тері арқылы енгізу)

- Венесекция (көк тамырды кесу)



Сұйықтықты көк тамырға тамшылатып енгізу үшін

- науқастың қолы мейлінше жазылған күйде болуы үшін оның қолының астына шағын клеенкалы жастықша қойылады
- Тек көк тамыр қысылатындай, ал артериядағы қан айналымы сақталатындай күшпен пункция жасалатын жерден жоғары бұрау салынады
- Көк тамырдың толуын арттыру үшін науқасқа саусақтарын бірнеше рет ашып жұмуын өтінеді
- Көк тамырдың толуын арттыру үшін науқасқа саусақтарын бірнеше рет ашып жұмуын өтінеді
- Сол қолдың саусақтарымен шынтақ бүгісінің терісін біраз тартқан жөн, бұл көк тамырды бекітуге мүмкіндік беріп, оның қозғалғыштығын шектейді
- Венепункцияны әдетте екі сатымен орындайды: алдымен теріні, содан кейін көк тамырды теседі. Көк тамыр жақсы дамыған болса, онда тері мен көк тамырды бірге тесуге болады
- алдында салынған бұрауды шешеді де дәріні көк тамырға ақырындап енгізеді.



Венепункция

Венепункцияны әдетте екі сатымен орындайды: алдымен теріні, содан кейін көк тамырды теседі. Көк тамыр жақсы дамыған болса, онда тері мен көк тамырды бірге тесуге болады, Иненің көк тамырға дұрыс түскені инеден қан тамшыларының көрінуімен анықталады. Егер ине шприцпен қосылып тұрса, онда иненің көк тамырға дұрыс түскенін бақылау үшін итергішті өзіне қарай біраз тартқан жөн: шприцте қанның пайда болуы иненің дұрыс тұрғанын дәлелдейді.



Іс-әрекет алгоритмі:

- 1. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартып, тері антисептигімен қолыңызды өңдеңіз, қолғапты киіңіз.
- 2. Дәрілік ерітіндіні тамшылатып енгізу үшін бір рет қолданылатын жүйені даярлаңыз (сақталу мерзімін және ораудың саңылаусыздығын тексеріңіз).
- 3. Дәрілік ерітіндісі бар флаконды даярлаңыз (дәрілік ерітіндінің атын, мөлшерін, сақталу мерзімін және сыртқы түрін тексеріңіз, дәрігердің ем тағайындайтын парағымен салыстырыңыз). Этикеткасына науқастың аты-жөнін, палатаны көрсетіңіз.
- 4. Флаконның металды қалпағының ортаңғы бөлігін пинцетпен алыңыз.
- 5. Тері антисептигіне суландырған мақта шариктерімен флаконның резеңке тығынын 2 рет тазартыңыз.



Іс-әрекет алгоритмі:

- 6. Бір рет қолданылатын жүйенің пакетін қайшының көмегімен ашыңыз, ораудан жүйені шығарыңыз.
- 7. Жүйенің бұрандалы қысқышын жабыңыз.
- 8. Жүйенің қысқа шетіндегі инені алып, қалпағын шешіп, оны флаконның резеңке тығынына тірелгенше енгізіңіз. Тамызғыштағы ауа кіргізгішті ашыңыз (егер де ауа кіргізгіші болса, оны флаконның тығынына тірелгенше енгізіңіз), оның бос шетін флаконға бекітіңіз.
- 9. Флаконды түбінен төңкеріп жоғары қаратып, сол қолмен жүйенің бос шетін ұстап, штативке бекітіңіз.
- 10. Тамызғышты ақырын қысып, жарты көлеміне дейін дәрілік ерітіндімен толтырыңыз.



Іс-әрекет алгоритмі:

- 11. Бұрандалы қысқышты ашып, жүйеден ауаны толық шығарғанша және инъекция жасайтын инеден тамшы көрінгенше жүйенің ұзын түтігін ерітіндімен ақырын толтырыңыз.
- 12. Бұрандалы қысқышты жауып, инъекция жасайтын инеге қалпақты кигізіңіз.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**